

КМҚК «Балдәурен» бөбекжайы қызметкерлерімен Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын талқылау бойынша дәріс отырысы өткізілді.

Саяқ кенті, күні: 14.02.2022ж.

Қатысқандар: 22

Қатыспағандар: 1 (еңбек демалыс)

Тақырыбы: Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын талқылау;

Күн тәртібінде:

1. Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.
 2. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру
- КМҚК «Балдәурен» бөбекжайы директоры Г.Жунусова бағдарламаның міндеттерімен таныстырып өтті:

1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту.
2. Қалалық және ауылдық мектептердің, өңірлердің, оқу орындарының, білім алушылардың арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту.
3. Оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету.
4. Үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.
5. Экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлықтың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету.
6. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету.
7. Білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру.
8. Білім беруді басқару және қаржыландыру жүйесінің вертикалін енгізу.
9. Ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту.
10. Ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту және цифрландыру.
11. Ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және әлемдік ғылыми кеңістікке интеграциялануын қамтамасыз ету.

Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде педагог мәртебесін арттыру, педагогикалық білім беруді жаңғырту, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту, оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету, ТЖКБ және жоғары білім беру сапасын арттыру, ғылыми әзірлемелердің нәтижелілігін арттыру және т. б. бойынша жұмыстар жүргізілді.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы аясында шаралар кешені қарастырылған, оның ішінде жалақыны екі есе арттыру, педагогикалық шеберлік, тәлімгерлік, магистр дәрежесі үшін жаңа қосымша төлемдер енгізу.

Педагогтың білімі мен құзыреттілігін сапалы және объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін педагогтарға кез келген ыңғайлы уақытта қатысуға мүмкіндік беретін ұлттық біліктілік тестілеуін тапсырудың электрондық форматы енгізілді деп сөзін түйіндеді.

Директор

Г.Б. Жунусова

